

# ӨНЕР САЛАСЫНДАҒЫ 5 КӨШБАСШЫ

Орындаған: Зейнулла. М

Г-101

# *ШӘКЕН КЕНЖЕТАЙҰЛЫ АЙМАНОВ*



*15 ақпан 1914 жыл —  
Павлодар облысы,  
Баянауыл  
ауданында туған.  
Қазақтың әйгілі актері,  
режиссер. 1964 жылдан  
КСРО халық әртісі.*

Қазақ киносын Ш.Аймановсыз елестету мүмкін емес. Оның рухани әлемі әлі күнге дейін құндылығын жойған жоқ. Ол өз дәуіріндегі кино өнерінің тынысын аша білді. Ұлылықтың табиғатына тән Ш.Айманов кино өнерінің іргелі міндеттерін ғана көріп, жүзеге асыра білген.

Театр мен кино өнерінің – көшбасшысы, әріптестеріне – үлгі, ізбасарларына – қамқоршы, достыққа – адал, дүниетанымы – кең, тұлға ретінде – ірі, Ұлылығы – жүректе. Үлкен өнердің табиғатына рух тазалығымен жан бітірген Ш.Аймановтың есімі міне, осынысымен тарих беттерінде мәңгілікке қалды.



## *КУЛӘШ ЖАСЫНҚЫЗЫ БӘЙСЕЙІТОВА*

1912-1957 — Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданында дүниеге келген. Қазақтың әйгілі әншісі (лирика-колоратуралық сопрано), қазақ опера өнерінің негізін салушылардың бірі, қоғам қайраткері. КСРО халық әртісі (1936). КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты (1948-1949).

Күләш Байсейітова ХХ ғасырда өркендегін қазақ ұлттық өнері мен мәдениетінің төрінен ойып тұрып орнын алатын қазақ халқының талантты да аяулы қызы, ата аңызға айналған қазақ опера өнерінің негізін салушылардың бірі, ҚКСР халық әртісі Күләш (шын аты - Гүлбаһрам) Байсейітованың есімі ерекше аталады. Оның қазақ өнеріне қосқан үлесі шексіз. Оның дауысында ұлттық нақыш болатын

# ҚҰРМАНҒАЗЫ САҒЫРБАЙҰЛЫ

(1818-1889) — қазақтың ұлы күйші-композиторы. Қазақтың аспапты музыка өнерінің классигі. Туып-өскен жері Бөкей хандығы, қазіргі Батыс Қазақстан облысының Жаңақала ауданына қарасты Жиделі деген жер.



Құрманғазының қазақ музыкасына қосқан үлесін, келесі музыкант-домбырашылар ұрпағына тигізген әсерін көп. Оның музыкалық мұрасы – ұлы ақын Абайдың өлеңдеріндей, қазақ халқының ұлттық мәдениетінің ажырамас бөлшегі. Ол өмірі сан соқпақты тарихтың ащы тағдырымен астасқан арпалыс. Құрманғазы қазақ үшін ұлы күйші, ғаламат қайрат пен жігердің иесі, ұлттың бүтін ұйтқысы.. Ол сөйлемеді, ол айтпады, оның домбырасы ел тағдырын сөз етті, халықтың жоғын жоқтап, мұңын айтты.

## *ШӘМШІ ҚАЛДАЯҚОВ*

1930 жылы тамыздың 15-і  
Қарақоңыр ауылы, Отырар  
ауданы, Оңтүстік Қазақстан  
облысында дүниеге келген.  
Аса көрнекті сазгер, ән  
жанрының әйгілі майталманы,  
Қазақстан мәдениетіне еңбегі  
сiңген қайраткер, осы заманғы  
қазақ эстрадасының негiзiн  
салушылардың бiрi,  
Қазақстанның халық әртісi.





Қалдаяқов ұлттық музыка өнерінің ән жанрына аса айқын, соңғы леп ала келген сазгер ретінде көрінді. Оның әндері құлаққа жағымды, жүрекке жылы қабылданып, жұртшылықтың сүйіспеншілігіне бөленді. Оның азаматтық лирикаға тұнған, республикамыздың кең байтақ жерін жырға қосатын: «Ақ ерке – Ақ Жайық», «Арыс жағасында», «Сыр сұлуы» т.б 300-ге жуық әні бар.



## *МАЙКЛ ДЖОЗЕФ ДЖЕКСОН*

1958 жылы Гери, Индианада дүниеге келген. АҚШ  
Американдық әнші, биші, музыкант, актер, филантроп, кәсіпкер, продюсер, композитор, хореограф. Оның ән жанрлары: поп-музыка, ритм-энд-блюз, соул, поп-рок, фанк, диско, пост-диско.

Майкл Джексон Джексон - американдық актер, әнші және ән жазушы, биші, композиторы, хореографы, филантроп, кәсіпкер. Поп-музыка тарихындағы ең табысты орындаушы, 15 Grammy марапатының жеңімпазы және жүздеген басқаларының. Гиннес рекордтар кітабына 25 рет жазылған. Әлемде Джексонның альбомдары миллиардқа жуық көшірмесі саттылды. М. Джексон музыка индустриясын және хореографиялық қойылымдарды сапалы жаңа деңгейге көтерген адам. Оның талантын жанкүйерлерінің саны бүкіл әлемде миллиондаған адамдарымен өлшенеді.

*НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА  
РАХМЕТ!*